

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
«Торайғыров Университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы  
6D020500 – Филология білім беру бағдарламасы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған  
Абишева Гульнар Кайдаровнаның «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы  
шығармаларындағы ономастикалық кеңістік» тақырыбындағы  
диссертациялық жұмысына**

**ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШҚІРІ**

Диссертацияда осы ономастикалық жүйе алғаш рет тұтас, жүйелі, лингвопоэтикалық аспектіде қарастырылып, оның құрылымы, семантикасы және қызметі кешенді түрде талданған.

Зерттеу жұмысының бірінші тарауында ономастикалық кеңістік ұғымының ғылыми негіздері жан-жақты талданған. Автор ономастикалық кеңістіктің көпқабатты, когнитивтік және мәдени сипатын негіздейді. Сонымен қатар ономастикон, ономастикалық өріс, поэтоним ұғымдарының арақатынасы нақты ажыратылып, олардың құрылымдық ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан жүйеленген. Бұл тараудың маңызды жетістігі поэтоним, ономастикалық кеңістік, ономастикалық өріс ұғымдарының мазмұны нақтылау, оларды лингвомәдени, когнитивтік және прагматикалық аспектіде сипаттау.

Екінші тарауда Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы антропоэтонимдер жан-жақты талданған. Автор оларды мифтік, діни, тарихи түрлеріне іріктеп, әрқайсысының семантикалық және мәдени ерекшеліктерін ашады. Бұл жіктеу ақын шығармаларындағы жалқы есімдердің тек номинативтік қызметпен шектелмей, ұлттық дүниетанымның, рухани-мәдени құндылықтардың және тарихи жадының көрінісі ретінде қызмет атқаратынын дәлелдейді.

Ал прецеденттік антропоэтонимдер арнайы қарастырылып, олардың мәтіндегі интертекстуалдық қызметі, мәдени ерекшеліктермен байланысы және оқырман санасында қалыптасқан дайын білім қорына сүйену арқылы қосымша мағына тудыру қабілеті айқындалған. Мұндай атаулар көркем мәтінде символдық, ассоциативтік және бағалауыштық қызмет атқарып, авторлық идеяны тереңдетуге ықпал ететіні талданған. Сонымен қатар прецеденттік антропоэтонимдер арқылы ақынның дүниетанымдық ұстанымы, тарихи тұлғаларға берген бағасы және ұлттық мәдени негізге сүйенген тұжырымы көрініс табады. Бұл өз кезегінде антропоэтонимдердің мәтін құрылымындағы тек атауыштық емес, мазмұн түзуші және концепт қалыптастырушы бірлік екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, тарауда жүргізілген талдаулар антропоэтонимдердің лингвопоэтикалық әлеуетін ашып, олардың көркем мәтіндегі

функционалдық-семантикалық қызметін ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

Үшінші тарауда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы топоэпонимдердің поэтикалық мәтіндегі қызметі терең әрі кешенді түрде қарастырылған. Автор ойконимдер, оронимдер және гидронимдерді жүйелі талдау негізінде олардың тек кеңістік белгілеуші тілдік бірлік емес, ұлттық дүниетанымның, мәдени-рухани құндылықтардың және когнитивтік тәжірибенің көрінісі ретінде қызмет ететінін ғылыми тұрғыдан дәлелдейді.

Зерттеуде географиялық атаулардың ұлттық-мәдени, символдық және когнитивтік қызметтері өзара сабақтастықта қарастырылып, олардың көркем мәтіндегі мағына түзуші, ассоциативтік өріс қалыптастырушы және авторлық концепцияны бейнелеуші рөлі айқындалған. Әсіресе ойконимдер мен гидронимдердің поэтикалық мәтінде тарихи кеңістік пен мәдени негізді репрезентациялаудағы қызметі, ал оронимдердің ұлттық кеңістік концептісін және дүниетанымдық модельді қалыптастырудағы маңызы нақты тілдік деректер арқылы дәйектелген.

Топонимдердің мәтіндегі қызметі тек денотативтік деңгейде ғана емес, символдық-метафоралық және концептуалдық деңгейде талданып, олардың этномәдени ақпаратты және ұлттық кеңістік туралы ұжымдық түсінікті сақтаушы әрі жеткізуші күрделі семиотикалық бірлік екені негізделген. Автордың бұл тараудағы талдауы топоэпонимдердің көркем мәтіндегі құрылым түзуші және мағына тереңдетуші қызметін айқын көрсетіп, олардың поэтикалық ономастиканың өзегін құрайтын маңызды категория екенін дәлелдейді.

Диссертацияда зерттеу жұмысының ғылыми құндылығын арттыратын нәтижелердің бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларында қолданылған поэтонимдердің жүйеленген тізбесін жасау, олардың семантикалық және функционалдық ерекшеліктерін айқындау болып табылады. Бұл материалдар ақын шығармаларының ономастикалық кеңістігін сипаттауға және қазақ әдеби ономастикасының дерекқорын толықтыруға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыс бойынша жинақталған материалдарды магистранттар мен студенттерге «Қазақ тіл білімінің теориясы», «Көркем мәтін лингвистикасы», «Ономастика», «Стилистика» пәндерін оқытуда қосымша оқу құралы ретінде пайдалануға, сондай-ақ зерттеу нәтижесінде қол жеткізілген ғылыми тұжырымдарды жоғары оқу орындарында арнайы курстар мен семинарларда қолдануға болады. Бұл зерттеу нәтижелері қазақ тіл біліміндегі көркем мәтін ономастикасына қатысты ғылыми-теориялық аппаратты кеңейтуге және дамытуға өз деңгейінде үлес қосады.

Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Жұмыста ұсынылған тұжырымдар мен қорытындылардың ғылыми маңызы жоғары. Тарауларда қарастырылған мәселелер отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге сүйене

отырып жүйелі түрде талданған. Докторант ғылыми зерттеу барысында қойылған мақсат пен міндеттерді толықтай орындаған. Тараулар арасында құрылымдық және логикалық байланыс сақталған. Жұмыста ұсынылған тұжырымдар мен ғылыми нәтижелер диссертациялық зерттеулерге қойылатын талаптарға толық жауап береді.

Диссертация жұмысы бойынша жасалған ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар дәлелді және негізді. Абишева Гульнар Кайдаровнаның «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ономастикалық кеңістік» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын аяқталған ғылыми еңбек деп бағалаймыз.

Докторант Абишева Гульнар Кайдаровнаның диссертациялық жұмысы 6D020500 – Филология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**«Торайғыров университеті»  
«Филология және журналистика»  
кафедрасының профессоры,  
филология ғылымдарының докторы**



**Тұрышев А.Қ.**

«ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ	
<i>Тұрышев</i> қолын растаймын	
Подпись _____	_____ заверяю
ПДҚ бөлімі _____	
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТ»	